

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі: Мен жақсы баламын

ЖАРИЯЛАНДЫ  
14.10.2018

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimgger.kz/44391/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**№5,9,10 МАД топтарында өзін-өзі тану пәнінен ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**

**Білім беру саласы:** «Таным», «Денсаулық», «Әлеуметтік»

**Ұйымдастырылған оқу іс -әрекет:** «Өзін-өзі тану»

**Тақырыбы:** III-тарау. Адамгершілік әліппесі. 21 -сабақ. «Мен жақсы баламын»

**Мақсаты:** «жақсылық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу.

**Дамытушылық:** Бойларындағы жақсы қасиетті дамыту.

**Тәрбиелік:** Жақсы ,әдепті,ақылды болуға тәрбиелеу.

**Көрнекілігі :** дәптер , хрестоматия , түрлі түсті карандаштар, «өзін-өзі тану әлемінің картасы»

**Әдіс-тәсілі:** Әңгімелесу, түсіндіру , сұрақ -жауап

**Сөздік жұмыс:** Қайырымды , мейірімді , сыпайы.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	<p><b>Шаттық шеңбері.</b>            -Армысыңдар ма, достарым!            -Мен сендерді шаттық шеңберіне шақырамын. Бір-бірлеріңе қолдарыңды созып , шын жүректен мынадай сөздермен сәлемдесейік.</p>	<p>-Сәлеметсің бе?            -Мен сенің досыңмын            -Сәлеметсің бе ?            -Мен сенімен достасқым келеді</p>

<p><b>Іздену-ұйымдастырушы</b></p>	<p><b>Әңгімелесу.</b> -Балалар өзін-өзі тану әлемінде нені үйренуге болады? -Жақсы бала деп кімді айтуға болады? <b>Әңгімелеу</b> Жақсылық пен жамандық -Қалай ойлайсыңдар. Жақсылықтың бойында қандай қасиеттер басым? -Достарың сендерді алдап кетсе не істер едіңдер? -Ал сендер өздеріңді қандай деп ойлайсыңдар? <b>Дәйек сөз.</b> «Жақсы бала жағадағы құндыз, аспандағы жұлдыз» <b>«Ойын. «Жақсы бала қандай?»</b> Балалар шеңберге тұрып жақсы бала .... қандай екенін айтып ,бір-бірінің алақандарын ұрады <b>Өзімнен-өзім.</b> -Балалар денелеріңді түзу ұстап , бастарыңды жоғары көтеріп, ыңғайланып отырыңдар. Көздеріңді жұмсаңдар да болады. Ауаны терең жұтып , еркін тыныс алыңдар. Өздеріңнің тыныс алуларыңды бақылап , бақытқа , махаббат пен тыныштыққа толы таза , шипалы ауаның тұла бойларыңа толғанын сезініңдер.Өзін-өзі тану әлеміне саяхат барысында игі істер істеп жүргендеріңді елестетіңдер. <b>Дәптермен жұмыс.</b> Дәптерде берілген мазмұнды суреттер арқылы әңгіме құрастыру</p>	<p>Балалардың жауаптары.</p> <p>-Жақсы бала..... -ұқыпты -сыпайы -мейірімді -өз отбасын жақсы көреді -достарын сыйлайды -табиғатты қорғайды -Отанын сүйеді</p> <p>— Балалар тапсырманы орындайды.</p>
<p><b>Рефлексті коррекциялаушы</b></p>	<p><b>Қорытындылау.</b> -Балалар бүгінгі сабағымыз сәтті өтті. Өйткені біз өзіміздің сүйікті достарымыз ,отбасымыз,балабақша,отан,отбасымыз туралы әңгімелестік..Сыйластық,сүйіспеншілік,достық,татулық,қамқорлық,құрмет деген ұғымдармен таныстық.Біз саяхатымызда әлі де көптеген жақсы істер жасауға,тәрбиелі ,ақылды,жақсы бала болуға үйренеміз. <b>Жүректен жүрекке</b> Біздер жақсы баламыз Айтқан тілді аламыз Үлкендерді сыйлаймыз Ойыншықтарды жинаймыз Киімімізді шашпаймыз</p>	<p>Өлең мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыстар жасалады</p>

**Білуі керек:** Жақсылық пен жамандық деген ұғымын ажыратып білуі керек.

**Баланың қолынан келуі:** Игі істер туралы әңгімелеп айтып білуі керек.

**Тексерілді:**

**Балабақша әдіскері: Аймаганбетова С.К**

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.